| № | Әдебиеттердің атаулары | сериялары | Көлемі. Мұқабасы қатты/ жұмсақ | шыққан жылы | Кітаптың аннотациясы | Кітаптың мұқабасы |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Абайдын әндері мен күйлері құрастырушы Нұрғали Нүсіпжанов, Анар Еркебаева | Музыкалық әдебиеттер | 132 бет к/м. | 29.03.2012 | Абайдың әндері мен күйлері - Песни и кюи Абая<br>Ұлы Абайдың рухани мұрасының бір парасы оның музыкалық мұралары, қолыңыздағы бұл топтамаға енген Абай әндері мен күйлері саз әлемінің өзі айтпақшы «Құлақтан кіріп бойды алған» сиқырлы құдіретімен өзіңе тартып қана қоймай, «әнді сүйсең менше сүй», – деп өсиет еткен өнер иесінің ұлттық музыкамызды жан-жақты кәсібилік деңгейге көтерген Абай екенін де айғақтайды.<br>Кітап мектеп оқушылары мен студенттерге және жалпы ән сүйер қауымға арналады.<br>Сборник содержит наиболее полное собрание песен великого казахского поэта-просветителя и композитора Абая (Ибрагима) Кунанбаева( 1845-1904). Его песни являются драгоценным наследием музыкальной культуры казахского народа.<br>Издание предназначено для многочисленных почитателей музыкально-поэтического таланта Абая. |  |
| 2 | Абай Құнанбайұлы "Бес асыл іс" өлеңдері, аудармалары, прэмалары | БАЛАЛАР ӘЛЕМІ | 160 бет. к/м | 08.10.2024 | Бұл кітап мектеп оқушыларына арналған жинақ Абай Құнанбайұлының (1845-1904) шығармалары – өлеңдері, поэмалары, аудармалары енген. |  |
| 3 | Абай Құнанбайұлы **"Қарасөздер" (Талдауымен) Құрастырушы Мереке Құлкенов** | "Жасөспірімдер кітапханасы" сериясы | 144 бет. ж/м | 07.02.2020 | Абай Құнанбайұлы 45 "Қарасөздер" (Талдауымен) |  |
| 4 | **Абай Құнанбайұлы** Өлеңдер мен аудармалар, Мысалдар, Поэмалар, Қарасөздер. Осы шығармаларға арналған түсініктер Құрастырушы **Мереке Құлкенов** | "Жасөспірімдер кітапханасы" сериясы | 480 бет. к/м | 27.06.2023 | Бұл басылымға мектеп бағдарламасы бойынша оқылатын Абай Құнанбайұлының (1845-1904) шығармалары – өлеңдері, поэмалары, аудармалары, ғақлия (нақыл) сөздері және басқа да қосымша әдеби және әдістемелік материалдар енгізілді. Оқушы ұлы ақынның шығармаларын терең түсініп қана қоймай, Абайды қазақ халқының тарихындағы ұлы тұлғалардың бірі, өз заманының кемел қайраткері, ұлт мәдениетінің берік негізін қалаушы ретінде таныл-біледі. Кітап оқушылардың ғылыми жұмыспен айналысуына да үлкен көмек, шығарма және реферат жазу кезінде де көмекші құрал бола алады.<br>Кітаптың кіріспесі Мұхтар Әуезовтің ұлы ақынның өмірбаяны мен творчествосын зерттеу мақаласымен басталады. Жазушылар Т.Медетбек пен Г.Бельгердің ақын шығармашылығы туралы эсселері де енгізілген. Сондай-ақ, балаларының, жақындарының, замандастарының Абай туралы естеліктері беріліп отыр.<br>Кітап жалпы орта білім беретін мектеп, гимназия, лицейлердің жоғары сынып оқушыларына, колледж студенттеріне, жоғары оқу орнына түсетін талапкерлерге және жалпы көпшілік оқырманға арналған. |  |
| 5 | Абай Құнанбайұлы **Толық шығармалар жинағы талдауымен. Мұхтар Әуезов жинаған Абай туралы балалары мен жақындарының естегілері " (мектеп оқушыларына арналған)** | "Жасөспірімдер кітапханасы" сериясы | 512 бет. к/м | 27.06.2016 | Бұл басылымға мектеп бағдарламасы бойынша оқылатын Абай Құнанбайұлының (1845-1904) шығармалары – өлеңдері, поэ-малары, аудармалары, ғақлия (нақыл) сөздері және басқа да қосымша әдеби және әдістемелік материалдар енгізілді. Оқушы ұлы ақынның шығармаларын терең түсініп қана қоймай, Абайды қазақ халқының тарихындағы ұлы тұлғалардың бірі, өз заманының кемел қайраткері, ұлт мәдениетінің берік негізін қалаушы ретінде таныл-біледі. Кітап оқушылардың ғылыми жұмыспен айналысуына да үлкен көмек, шығарма және реферат жазу кезінде де көмекші құрал бола алады.<br>Кітаптың кіріспесі Мұхтар Әуезовтің ұлы ақынның өмірбаяны мен творчествосын зерттеу мақаласымен басталады. Жазушылар Т.Медетбек пен Г.Бельгердің ақын шығармашылығы туралы эсселері де енгізілген. Сондай-ақ, балаларының, жақындарының, замандастарының Абай туралы естеліктері беріліп отыр.<br>Кітап жалпы орта білім беретін мектеп, гимназия, лицейлердің жоғары сынып оқушыларына, колледж студенттеріне, жоғары оқу орнына түсетін талапкерлерге және жалпы көпшілік оқырманға арналған. |  |
| 6 | **Асыл жан** Абай Құнанбайұлының өмірі мен шығармашылығы жайында жазылған Мұхтар Әуезовтің зерттеуі және **Абай туралы балалары мен жақындарының естегілері" Мектеп, колледж оқушыларынан бастап, барлық оқырмандарға арналады.** Құрастырушы **Мереке Құлкенов** | "Жасөспірімдер кітапханасы" сериясы | 224 бет. к/м | 08.01.2024 | Абай Құнанбайұлының өмірі мен шығармашылығы жайында жазылған Мұхтар Әуезовтің зерттеуі және Абай туралы балалары мен жақындарының естегілері" Мектеп, колледж оқушыларынан бастап, барлық оқырмандарға арналады. Құрастырушы Мереке Құлкенов |  |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 7 | **Ананта Мурти "Самскара"** Қазіргі заманғы үнді әдебиетінің көрнекті өкілі, тосын сипатты шығармаларымен әлем оқырмандарына жақсы танымал болған жазушы Ананта Муртидің бұл повесінде адамның ақиқатты іздеу жолындағы арпалысы, дәстүрлі таным мен өз көңілінің қалауы арасында екі жарылған күйі психологиялық талдау тәсілімен терең ашылған. Шығармада адам бойындағы ізгіліктің белсенді және көмескі бастаулары философиялық пайымдау елегінен өткен. ***Қазақ тіліне аударған Тілеухан Жұмаханов*** | Көркем әдебиет, көсемсөздер | 256 бет к/м | 25.09.2023 | Қазіргі заманғы үнді әдебиетінің көрнекті өкілі, тосын сипатты шығармаларымен әлем оқырмандарына жақсы танымал болған жазушы Ананта Муртидің бұл повесінде адамның ақиқатты іздеу жолындағы арпалысы, дәстүрлі таным мен өз көңілінің қалауы арасында екі жарылған күйі психологиялық талдау тәсілімен терең ашылған. Шығармада адам бойындағы ізгіліктің белсенді және көмескі бастаулары философиялық пайымдау елегінен өткен. |  |
| 8 | Ахмет Байтұрсынұлы **"Қырық мысал", Өлеңдер мен аудармалар, Мақалалар мен ғылыми жазбалар, Әндер. А.Байтұрсыновтың өмірі мен қызметі туралы зерттеулер** | "Жасөспірімдер кітапханасы" сериясы | 344 бет. к/м | 12.09.2019 | «Жасөспірімдер кітапханасы» сериясымен жарыққа шығып отырған бұл кітапқа Алаш азаматы Ахмет Байтұрсынұлының өзекжарды өлеңдері, аудармалары, мақалалары мен ғылыми жазбалары, «Қырық мысал», «Әдебиет танытқыш», әндері, Р.Сыздықова, Р.Нұрғалиев, С.Кәкішев, Б.Дулатованың Ахмет Байтұрсынұлы өмірі мен қызметі жайында жазылған зерттеулері мен естеліктері еніп отыр.<br>Кітап мектеп, лицей оқушыларына, орта және жоғары оқу орындарының студентгеріне арналған. |  |
| 9 | **"Аяз Би" (қазақтың халық ертегісі)** | БАЛАЛАР ӘЛЕМІ | 32 бет ж/м | 14.02.2024 | Аяз би туралы айтылатын ертегі-аңыздардың бәрінде дерлік Жаман қойшының Мадан хан сынынан өтуі, үйленуі, ханның күншіл, ақылсыз қырық уәзірін өлімнен құтқаруы, оның даналығын, достыққа адал, сертке беріктігін, әділдігін мойындаған хан өз тағын беруі сөз болады. Жаман хан болғаннан кейін де жыртық тоны мен жаман тымағын хан сарайы босағасына ілдіріп қояды. «Кей-кейде хандық тақтың буымен көңілім тасып, асып бара жатқандай болсам, соған көзім түседі де, тез тәубама келемін» дейді екен. Сөйтіп ол жыртық тоны мен жаман тымағын көрген сайын тәубасынан жаңылмай, өзіне-өзі: «Аяз би әліңді біл, құмырсқа жолыңды біл» деп отыратын болған. |  |
| 10 | Әбіш Кекілбайұлы "**Жеті хикая**" повестер мен әңгімелер жинағы | Көркем әдебиет, көсемсөздер | 320 бет. к/м | 02.02.2018 | Осы кітап бар бітім-болмысымен мейлінше қазақы кітап. Осы жинақтағы адамдар есімімен, өмір кешкен жер атауларымен қазақ емес – өміртүйсігімен қазақ. Олардың бойында халықтың қансонар тарих жолында отқа балқып, ызғарға піскен характерінің қилы-қилы қырлары бар.<br>Асқар Сүлейменов |  |
| 11 | **Әбіш Кекілбайұлы "Абылай хан" Драмалық дастан, поэма, баллада** | "Жасөспірімдер кітапханасы" сериясы | **160 бет к/м** | 14.04.2019 | Әбіш Кекілбаевтың «Абылай хан» драмалық дастаны – тарихи оқиғаға негізделген шығарма. Шығарма 1997 жылы жазылған. Оған дейін де шығармашылығында Абылай хан бейнесіне бірнеше мәрте қайырылған жазушы бұл драмада да тарихи тұлғаның ақыл білігін, парасат-пайымын ашып көрсете білген. Драмада Абылайдың жоңғар батыры Шарыштың басын алуы, кейін өзінің тұтқынға түсуі, тұтқында отырғанында да айбатынан таймауы әсерлі көрініс тапқан. Сезімге емес, ақылға арқа сүйеген Абылай образы әдемі ашылған. |  |
| 12 | Әбіш Кекілбайұлы "Құсқанаты" Повестер мен Әңгімелер жинағы Және Жазушының шығармалары туралы зерттеулер. | "Жасөспірімдер кітапханасы" сериясы | 352 бет к/м | 19.01.2018 | Ол кездерде Аққаймаққа сақалдары шошаңдаған ақ шу-нақ шалдардың айтып отыратыны әншейін асылық әңгіме сияқтанатын. Мола екеш моланы да иемденіп, еміренудің не жөні бар деп ойлаушы еді. Сөйтсе, кісі мола екеш молаға да бауыр басып, оны да өзімсінеді екен. Атамекен, ата-су болатыны сияқты, ата қауым да болады екен. Күні кеше соғыста өлгендер жарық дүниемен қоштасып жатқанда, кімнің көз алдына не елестеп, әркім өзі үшін ең аяулы нәр-сені еске алғанда, біздің ауылдың талай жігітінің көз алдына тап осы жермен-жексен ескі мола көрініп, «Дүние-ай, соның кебір топырағына да жеткізбедің-ау», – деп налымағанына кім кепіл. Тірі адам ет жақын, ниет жақынынан жылы сөз дәметсе, өлген адам ыстық көз жасын дәмететін шығар. |  |
| 13 | Әбдіжамил Нұрпейісов “И был день”,“ И была ночь” 2 кітаптан құралған | Проза | 800 бет к/м. | 01.11.2005 | Над этим романом-дилогией крупнейший прозаик современости, лауреат Государственной премии СССР, автор знаменитой трилогии "Кровь и пот" Абдижамил Нурпеисов проработал без малого четверть века. Это глубоко реалистическое полотно, философское осмысление поастине необхватной трагедии народа – гибели Арала. В романе бущуют страсти мяогогрудіой человеческой судьбы. Море мелеет, рыба уходит, берега безлюдеют. Страшное зло – карьеризм, жизнь сегодняшним днем, корысть, ложь, демагогия ржой подтачивают вековые нравственные устои. Исковеркана природа, исковерканы судьбы людей. Есть в этом романе жестокая ясисость, холодная необратимость вывода. Идеи врезаны четко, как следы в лед, но четкость их непрочна, как обманчива крепость льдины, уносящейся в море. Читателя волнует и увлекает нечто непредсказуемое, поднимающееся из темной и живой глубины, бездонно шевелящееся под тонким льдом... |  |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 14 | Әлібек Асқаров "Өр Алтай, мен қайтейін биігіңді..." (роман және "Алданған ұрпақ" повесі) | "Жасөспірімдер кітапханасы" сериясы | 472бет к/м | 05.10.2018 | Жазушының бұл шығармаларында қарапайым ауыл тұрғындарының мол портреті жасалған. Олардың бастан кешкен оқиғалары да алуан түрлі әрі қызықты. Шығарма желісі үнемі әдемі әзілмен өріліп отырады. Сол арқылы оқушысын еріксіз езу тартқыза отырып, кейіпкерлердің ішкі трагедиясына үңілдіреді. Кеңес дәуірінде бүтін бір ұрпақтың бойына сіңіп қалған кейбір жағымсыз мінездерден арылуға үндейді. Шығарма ауыл тұрмысын бейнелеуде боямасыз шынайылығымен ерекшеленеді. |  |
| 15 | Әлібек Асқаров "Қойға шапқан қара аю" хикаяттар | Көркем әдебиет, көсемсөздер | 176 бет. к/м | 26.11.2015 | Бұл кітапшаға көрнекті жазушы Әлібек Асқаровтың өмірде болған оқиғалар негізінде жазылған деректі әңгіме-лері енгізіл-ген. «Боямасыз баяндар» бөлімінде қаламгердің жолжазбалары, қоғамдағы әрқилы құбылыстардан түйген ой-тұжырымдары топтастырылған. |  |
| 16 | Әнес Сарай Исатай-Махамбет тарихы роман | Көркем әдебиет, көсемсөздер | 528 бет. к/м | 10.09.2012 | Әнес Сарайдың "Исатай-Махамбет тарихы" зерттеу кітабы 1836-1837 жылғы патша өкіметіне қарсы қазақтар бас көтеруінің арғы-бергі тарихы мен кейінгі ұрпаққа тәлім-тәрбиесі жөнінде тереңнен толғам, жүйелі әңгімеленген бірден-бір туынды. Кітаптың оқиғасы қою, тілі жеңіл, оқырманын жайбарақат қалдырмайды. |  |
| 17 | Әсет Бейсеуовтің 500 ән жинағы нотасымен "Әсеттің әсем әндері" 1-кітап Формат -А4 | Музыкалық әдебиеттер | 416 бет к/м. | 17.09.2015 | Халқымыздың ән әлеміне тамаша әндер қалдырған талантты сазгер Әсет Бейсеуовтің шығармалары әнсүйер қауымның жүрегінен ерекше орын алады.<br>«Өлке» баспасынан қайта жаңартылып, толықтырылып шығарылып отырған дарынды композитордың бұл екі томдығы әнсүйер қауымның көңілінен шығары сөзсіз.<br>Кітап музыка мамандары мен әнсүйер барша оқырманға арналған. |  |
| 18 | Әсет Бейсеуовтің 500 ән жинағы нотасымен "Әсеттің әсем әндері" 2-кітап Формат -А4 | Музыкалық әдебиеттер | 464 бет к/м. | 17.09.2015 | Халқымыздың ән әлеміне тамаша әндер қалдырған талантты сазгер Әсет Бейсеуовтің шығармалары әнсүйер қауымның жүрегінен ерекше орын алады.<br>«Өлке» баспасынан қайта жаңартылып, толықтырылып шығарылып отырған дарынды композитордың бұл екі томдығы әнсүйер қауымның көңілінен шығары сөзсіз.<br>Кітап музыка мамандары мен әнсүйер барша оқырманға арналған. |  |
| 19 | ***Әуелбек Қоңыратбаев*** *Әлемдік музыка тарихы* | Музыкалық әдебиеттер | 480 бет к/м. | 27.12.2009 | Әлемдік музыканың қыр-сырымен, бағыт-бағдарымен таныстыратын бұл кітапта аты әйгілі музыка майталмандарының өмірі мен шығармашылығы да қамтылған. Сонымен қатар кітаптың қысқаша танымдық, тәлімдік сипаттары да мол.<br>Кітап музыка зерттеушілеріне, студенттерге, оқушыларға және де қалың көпшілікке арналды. |  |
| 20 | **Батырлар жыры: "Алпамыс батыр"," Ертарғын батыр"** осы шығармалар жайында зерттеулер | "Жасөспірімдер кітапханасы" сериясы | 160 бет, к/м | 08.01.2024 | Алпамыс батыр – қазақ эпостық жырларындағы ұлы батырлардың бірі. Ол халқымыздың батырлық рухын, ерлігін, адалдығын және туған жерге деген сүйіспеншілігін бейнелейді. Алпамыс батыр жырында оның жауынгерлік ерліктері, әділдігі және қайсарлығы суреттеледі. Бұл эпос қазақ халқының тарихы мен мәдениетінің маңызды бөлігі болып табылады. Ол арқылы ұрпақтан ұрпаққа батырлық пен ерліктің, адалдық пен әділдіктің маңызы түсіндіріледі. Алпамыс батыр жыры қазақ халқының ұлттық рухын көтеріп, оның құндылықтарын насихаттайды.<br>«Ер Тарғын» – батырлық жыры. Ноғайлы дәуірінің тарихи оқиғаларын бейнелейтін жырдың негізгі идеясы – ерлік пен батырлықты дәріптеу, ел бірлігін сақтау, кіршіксіз махаббат. Жырдың негізгі кейіпкерлері – Тарғын мен Ақжүніс. «Ер Тарғын» жырының композициясы шымыр әрі шебер құрылған. Жырдың тілі өте көркем. Онда классик эпосқа тән белгілер толық сақталған. «Ер Тарғын» жыры башқұрт халқына да жақсы таныс. Қазақ – башқұрт нұсқаларының сюжетінде елеулі айырмашылық байқалмайды. Ерекшелік негізгі кейіпкерлер, оларға берілген бағасы тұсында ғана кездеседі. Жыр сюжеті қазаққа етене жақын. |  |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 21 | **Батырлар жыры: "Қобыланды батыр"," Қамбар батыр"** осы шығармалар жайында зерттеулер | "Жасөспірімдер кітапханасы" сериясы | 208 бет, к/м | 08.01.2024 | Қобыланды батыр - қазақ халқының қаһармандық жыры. Негізгі мазмұны – шет ел басқыншыларынан елді қорғау, осы жолда асқан ерлік көрсеткен ер азаматтардың батырлық істерін көрсету. Көркемдік биік қасиеттері жағынан дүниежүзі халықтарының белгілі батырлық эпостарының қатарында тұрған классикалық шығарма. Жырдың ең көне түрі бізге жетпеген. “Қобыланды батыр” жырын жырлаған ақын, жырау-жыршылар өзі өмір сүрген дәуір тұрысынан толықтырып, өңдеп, әрлеп отырған. "Қамбар батыр" жыры – халық әдебиетінің ең ескі түрінің бірі – батыр жыры болады. Бұндай жырларында, қай халық болсын, ең алдымен өзінің ерлікті, батырлықты қадірлегендігін көрсетеді. Сондықтан Қобыланды, Қамбар дегендер құр ғана жеке адамдар, жеке батырлар ғана емес. Олар, халықтың бойына біткен ерлік, геройлықтың бір араға жиылып көрсетілген, жиынтық кейпі. Көптің, елдің бойында бар қасиетті бір мүсін арқылы көрсеткен көркем кейіп. Сондай халық қасиетін көрсететін мүсін болғандықтан, бұлардың барлық тұлғасы, қайраты, қимылы да ұлғайтылып көрсетіледі. Жыр ол батырларды көтеріп, ірілетіп жырлайды. |  |
| 22 | Бейімбет Майлин **(Шұғаның белгісі", "Жалбыр", "Құлпаш", "Даудың басы Дайрабайдың көк сиыры" т.б 23 әңгімелер мен фельетондар, өлеңдер)** | "Жасөспірімдер кітапханасы" сериясы | 352 бет. к/м | 28.07.2021 | «Жасөспірімдер» кітапханасы сериясы бойынша жас оқыр-ман--дарға ұсынылып отырған қазақ әдебиетінің классигі Бейімбет Майлин-нің бұл жинағына 1916 жылғы ұлт азаттық қозғалысын, қазан төңкерісін, 1921-1922 және 1932-1933 жылдардағы елді жай-лаған аштықты, кәмпескелеу, колхоздастыру, елді сауаттандыру сияқты әр дәуірдің замана шындығын, мезгіл мінезін, замандас тұлғасын суреттеген әңгімелері, фельетондары, өлеңдері және сол замандағы әйел--дер теңдігін көтеріп қана қоймай қазақ әйелдерінің мұңын, махаббатын, тазалығын, сұлулығын бір сөзбен айтқанда ішкі психо-логия-сын соны-мен қоса трагедиясын бейне-леген атақты «Шұғаның белгісі» повесі еніп отыр. |  |
| 23 | **Бердібек Соқпақбаев "Балалық шаққа саяхат" повесі мен "Шал мен бала", "Боранда", "Компас" әңгімелері** | "Жасөспірімдер кітапханасы" сериясы | 328 бет. к/м | 05.05.2014 | Балалар жазушысы Б.Соқпақбаевтың көркем де кестелі шы-ғармаларының бірі «Балалық шаққа саяхат» повесі екендігін оқушы қауым о бастан-ақ білетіндігі анық.<br>«Балалық шаққа саяхатта» отызыншы жылдардағы аштық, жалаңаштық жайлай бастаған ауыл адамдарының ауыр тұрмыс-халі, сол кездегі кетеуі кеткен кебіс, күпі сүйреткен Бектас сынды балалардың ойын, ұйқысы қанбаған, күлкісі кем күндері суреттеледі. Туындының тіл-ойы ойнақыланып келеді де миыққа ащы мысқыл уын ұялатады. |  |
| 24 | **Бердібек Соқпақбаев "Менің атым Қожа", "Аяжан" повестері және Автордың өмірбаяны мен шығарманы зерттеу** | "Жасөспірімдер кітапханасы" сериясы | 224 бет. к/м | 22.04.2014 | «Жасөспірімдер кітапханасының» кітап сөресінде жазушы Б.Соқпақбаевтың қаламынан туындаған «Менің атым Қожа» повесі. Повесте ерке де есті тентек Қожа, сылдыр жүрісті Сұлтан, момақан Дәулет, жасқаншақ Жантас т.б. кейіпкерлер және де көбелек қуған балдәурен күндер, ақ марқа айдын, ақ жайлау, абыр-сабыр ауыл көрінісі жазушының шұрайлы тіл, шынайы ойымен астасып, көркем кестеленген. |  |
| 25 | Болат Даулетов "Талғам" өлеңдер жинағы | БАЛАЛАР ӘЛЕМІ | 64 бет ж/м | 13.04.2022 | Балаларға арналған өлеңдер жинағы |  |
| 26 | **"Біз балдырған баламыз шырқап әнге саламыз". Бүлдіршіндерге арналған әндер мен ойындар топтамасы. Нотасымен. құрастырушылары Нұрғали Нүсіпжанов, Мереке Құлкенов.** | БАЛАЛАР ӘЛЕМІ | 208 бет к/м. | 02.02.2011 | «Біз балдырған баләмыз, шырқап әнге саламыз» атты бұл жинаққа мектеп жасына дейінгі балалардың айтатын ән-жырлары енгізіліп отыр. Жинақты Қазақстанның Халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Нұрғали Нүсіпжанов құрастырған. Мұнда балалардың таным-түсінігіне лайық әндер жинақталған. Қазақтың ұлттық саз аспаптарына анықтама берілген. Ұлттық салт-дәстүріміз туралы балаларға түсінікті тілде баяндалған.<br>Ұлттық тәрбие тұрғысынан алғанда, бұл кітаптың мәні де жоғары, маңызыда зор. |  |
| 27 | **Герольд Бельгер "Қазақ дәптері"** | Көркем әдебиет, көсемсөздер | **240 бет к/м** | 15.11.2023 | Герольд Карлұлы Бельгер, жазушы, аудармашы, публицист, ұлты неміс, тілі орыс, қазақ және неміс, дүниетанымы, түйсік-түсінігі қазақ десе де шындыққа саяды. Жеті жасынан қазақ ортасында өскен. Мына кітапшада қазақтың тілі, ділі, рухы, табиғи ерекшелігі, әдебиеті сөз болады. |  |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 28 | **Герольд Бельгер "Мұнар тау"** | Көркем әдебиет, көсемсөздер | **368 бет. к/м** | 26.10.2023 | Жазушы, аудармашы, публицист Герольд Бельгер сонау Еділ бойында туғанымен (1934), жеті жасынан қазақ ортасында өсіп, тәрбиеленіп, қазақ орта мектебін бітірген (1953). Сондықтан ол өзін байырғы қазақстандық деп сезінеді, жүрегі "Қазақстан", "қазақ" деп соғады. Ол қазақ тілінің қазақ әдебиеті мен мәдениетінің жанашыры екенін танытқан. Бельгердің қазақ пен неміс тілдерінен орыс тіліне жасаған тәржімелері жүзден саналады, жиырма бес-отыз том құрайды, өзі де отыздан астам кітаптардың авторы. Бірақ осы күнге дейін қазақ тілінде бірде-бір кітабы жарық көрмепті. Оқырманға ұсынылып отырған мына жинаққа оның жолдастары қазақшалаған я өзі қазақша жазған бір топ шығармалары еніп отыр. |  |
| 29 | Гүлсім Мұқышева "Алтын медаль " повестер | "Жасөспірімдер кітапханасы" сериясы | 144 бет. ж/м | 31.01.2023 | Жасөспірімдерге арналаған повестер |  |
| 30 | **Ги де Мопассан** "Өмір", "Пьер мен Жан". (романдар) Қазақ тіліне аударған **Әбіш Кекілбайұлы** | Көркем әдебиет, көсемсөздер | 432 бет. к.м. | 18.03.2019 | Ги де Мопассанды «психологиялық прозаның шебері» атандырған шығармасы – «Өмір» романы. Роман оқырманға барон Ле Пертуи де Вонның отбасы туралы баяндайды. Шығарма кейіпкерлері: баронның қызы Жанна, оның қызметшісі Розали, Жаннаның күйеуі Джульен де Ламар, Аббе Пико. Оқиғалар баронның отбасылық сарайында өрбиді. Отбасы ішіндегі түсініспеушіліктер, қиындықтар оқиға барысын шиеленістіре түседі. Шығарманың басты объектісі өмір болғандықтан, жазушы бір отбасының тағдыры арқылы жалпы қоғамды сипаттайды. Ги де Мопассанның 1887 жылы жарық көрген психологиялық романы кіші Жанның отбасылық досынан мұра алған соң қарым-қатынасы бұзылған екі ағайындының оқиғасы баяндалады, бұл үлкен Пьердің анасының адалдығы мен ағасының заңдылығына күмән келтіруіне себеп болады. |  |
| 31 | Ғабит Мүсірепов "Ананың анасы" Ана туралы новеллалар жинағы | "Жасөспірімдер кітапханасы" сериясы | 96 бет. ж/м | 17.05.2022 | Бұл кітапқа Қазақстанның халық жазушысы Ғабит Мүсіреповтің ана тақырыбына арналған үш әңгімесі еніп отыр. «Ананың анасы» әңгімесінің негізгі мазмұны – ел арасына кең тараған аңыздан алынған. Мұнда елді шауып, жазықсыз жас қызды зорлап алып бара жатқан батырды қыз анасының сөзбен тоқтатып, жеңгені, сөйтіп, оның қызын жау қолынан азат етуі баяндалған. Шығармада ананың жарық дүние сыйлаған баласына деген махаббаты, содан туындайтын ана бойындағы күш-қуат, ізгілік, адамгершілік қасиеттер бейнеленеді. Ананың құдіреті баяндалады. М. Горькийдің «Адамның анасы» («Рождение человека») және «Өлімді жеңген ана» («Легенда о Тимурлане») деген екі әңгімесін еркін аудара отырып, сәл ықшамдап, кей идеясын өткірлей аша түсіп, кей ойын өзінше, сәл басқаша қорытады. М. Горькийдің «Келді адам өмірге» деген әңгімесіне Ғабит Мүсірепов «Адамның анасы» деп ат қойып, оқырман назарын, шығарманың негізгі салмағын анаға, ананың киелі махаббатына аударады. |  |
| 32 | Ғабит Мүсірепов "Ұлпан" Ғ.Мүсірепов өмірі мен шығармаларын зерттеу мақалалар | "Жасөспірімдер кітапханасы" сериясы | 272 бет. к/м | 14.01.2025 | Өзі де сөзі жібек Ғабит ағамыздың әңгіме желісі – жүйке тамырды тап басып, жан дүниені баурап әкетері әу бастан аян.<br>Қолдағы мына кітап соның айғақ айнасы. Кітап бетін толқып ашып-парақтап, толқып ойды сабақтап, толқып қаларыңыз рас-ау. Өйткені, мұнда «Ұлпан» бар.<br>Ұлпан өмірде болған, көңілге толғам, ұлағатты ана.<br>Ұлағатты Ұлпанын ұрпағы ұмытпасын деп «Ұлпанды» ұсы-нып отырмыз. Сонымен, кітап әдібі әсем әңгіме, зерттеу, толғауға да орын берген.<br>Кітап жалпы орта білім беретін мектеп, гимназия, лицейлердің оқушыларына, жоғары оқу орындарына түсетін талапкерлерге, студенттерге, жалпы көпшілік оқырманға арналады. |  |
| 34 | Евгений Брусиловский Воспоминания | Көркем әдебиет, көсемсөздер | 544 бет. к/м | 16.02.2022 | Произведение Е. Г. Брусиловского является документальной новеллой, чем мемуарным. Язык произведения богат, полон образных описаний. Собственные философские мысли автора о музыке и жизни не оставляют чита-теля равнодушным. Особенно ценна для казахстанцев часть мемуары «Алма-Ата 1933-1969гг.». Потому что тридцатые годы прошлого века были перио-дом казахского искусства, в том числе опер и симфоний казахской музыки, национальных песен и наигрышей. Это был звездный момент для 28-летнего талантливого музыканта, приехавшего из Ленинграда на служебную коман-дировку на два года, и ставшего одним из лидеров формирования музыки ка-захского народа.<br>Важнейшим этапом работы для нас является точное описание трудностей и достижений казахской музыки в тот период становления. Автор с лю-бовью описывает талантливых людей казахской музыки в те трудные вре-мена. Создает художественный образ каждого из них. Он напоминает о ду-ховной жизни человека через художественное изображение деталей жизни. Как точно описывается город Алматы тридцатых годов!<br>Через произведения Брусиловского мы узнаем о жизни и творчестве известных деятелей казахской культуры как Темирбек Жургенов, братья Кудайберген и Ахмет Жубановы, Александр Затаевич, Жумат Шанин, Иса Бай-заков и Амре Кашаубаев, Жамбыл и Дина, знаменитые домбристы Махамбет Бокейханов и Жаппас Каламбаев. Так же классики казахской литера-туры Мухтар Ауезов, Сакен Сейфуллин, Бейимбет Майлин, Илияс Жансугуров, Сабит Муканов, Габит Мусрепов. С небывалой точностью созданы яркие образы театральных талантов Куляша и Курманбека, Калыбека, Елубая, Шары и многих других артистов.<br>Никто иной как Брусиловский не мог описать творчество Куляш Байсеитовой. Его особенный взгляд помогло раскрыть творческую сторону артиста. Описав рождение памятной песни «Гакку», автор не только создал яркие и волнующие картины рождения произведений и песни, но и колоритно описал творческого характера и своеобразного таланта казахских артистов.<br>А рассказ автора 1936 года о Декаде казахского искусства в Москве – золотая страница в истории казахской музыки.<br>Автор захватывает внимание читателя описанием сложной и впечатляющей судьбы себя и своих коллег по казахскому музыкальному искусству без каких-либо искусственных |  |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 35 | Евгений Брусиловский Дүйім дүлдүлдер / Естеліктер/ | Көркем әдебиет, көсемсөздер | 352 бет. к/м | 17.02.2021 | ... Асу-асу белдерден өткен осынау шалқар жол қашан, қалай, неден басталған? Осынау халық тарихында бетегелі белестей көз жауын алып, дүркірей қаулаған, желкектей көктеген беленнің басы-қасында болып, іргелі шаңырағын көтеріскен, уығын қадасқан саңлақтар кімдер? Өркенді де өрелі ел ондай санаулы саңлақ, шандоздарды ешқашан ұмытпай, аялап есте ұстары хақ...<br>... Евгений Григорьевич Брусиловскийдің қалың-қалың бес дәптерден тұратын, өз қолымен маржандай тізіп, өмірінің соңғы жылдарында жазған «Естеліктері». Қолжазба естелік дәптерлердің соңғы үшеуі түгелдей Қазақстанға арналған. Біз осы Қазақстан кезеңін қамтитын бөлігін қазақ оқырмандарының назарына ұсынып отырмыз. |  |
| 36 | Есләм Зікібайұлы **"Қас қағым сәт"** таңдамалы өлеңдер жинағы | "Жасөспірімдер кітапханасы" сериясы | 304 бет. к/м | 13.01.2025 | Ақынның нәзік жанын, сезімін, айтқысы келген ойын оқырманына жеткізіп, ұғындыра алуының өзі бір өнер болса керек. Кейде, біз, қарапайым халық, ақынның мінезін түсінбей жататын кезіміз болады. Сондай сәттерде ақындардың тағдыры, өмірі жайлы өлеңдерін оқып көрген дұрыс болар. Ақын болмысын ерекше сипаттай білген, қуанса да, мұңайса да жырмен жанын емдей білген ақындардың бірі – Есләм Зікібаев. |  |
| 37 | Ербол Шаймерденұлы "Ақыл-ой антологиясы" | Көркем әдебиет, көсемсөздер | 536 бет. к.м. | 11.04.2012 | Қазақ афористикасының бағзы замандардан бүгінге шейінгі бір пара үлгілерін жинақтаған "Ақыл-ой антологиясы" – мәдениеттанушылар мен әдебиетшілердің, этнографтар мен философтардың, саясатшылардың, жалпы зиялылар мен студент жастардың, далалық өркениет сырларына құштар һәм терең ой мен сұлу сөзге ынтық оқырманның көзайымына айналуға лайық туынды. |  |
| 38 | Жамбыл Жабаев Өлеңдер, Дастандар, Айтыстар. Жамбылдың өмірі мен шығармашылығы туралы зерртеулер | "Жасөспірімдер кітапханасы" сериясы | 256 бет. к/м | 17.08.2021 | «Жасөспірімдер кітапханасы» сериясымен оқырманға жол тартқан бұл кітапқа – Жыр алыбы Жамбылдың жырлары, өмірі мен өскен ортасы жайынан мағлұматтар беретін құнды еңбектер енгізілген.<br>Жамбылдың жыр-өлеңі өмірдің өз отынан туындап, өмірдің өзіне өлең болып құйылған бастау. Шыңдықтың шымынан шыңдалып шыққан Жамбылдың айтар ойы айқын, шымыр, шыншыл, шұрайлы, толғақ-толғаулы.<br>Жамбыл жыры жас ұрпақты жасампаздыққа, ерлік істерге, ел мен жерді құрметтеп, сүюге шақырады. |  |
| 39 | Жүсіпбек Аймауытов "Ақбілек" романы, "Әнші", "Елес" әңгімелері және Жазушының өмірбаяны мен шығармалары туралы зерттеулер. | "Жасөспірімдер кітапханасы" сериясы | 280 бет. к/м | 18.10.2019 | Жүсіпбек Аймауытовтың бұл жинағына өзі өмір сүрген зама-нындағы әлеуметтік төңкерістер, әйел теңдігі, оның қоғам-дағы орны туралы баяндайтын «Ақбілек» романы мен ел сүйіспен-ші-лі-гіне бөленген өнер адамының өміріндегі қарапайым қасиеттерін бей-нелейтін «Әнші» әңгімесі, сондай-ақ тынымсыз ізденісті мақ-сат тұтқан «Елес» әңгімесі енгізілді.<br>Ж.Аймауытов сол бір аласапыран жылдардағы қазақ ауыл өмірі-нің шындығын, адамдар тағдырындағы өзгерістерді, октябрь революциясының жеңісін, кедейлер мен әйелдердің теңдік алып бақыт жолын тапқанын жүйелі түрде суреттейді.<br>Жазушы халықтың әлеуметтік рухани азаттыққа, жаңа өмірге ұмтылуын кейіпкерлердің тағдыры арқылы, Ақбілек образы ар-қы-лы ұлттық сана-сезімнің ояну процестерін, даму эволюциясын көр-сетеді. |  |
| 40 | Жүсіпбек Аймауытов "Қартқожа" романы, "Күнікейдің жазығы" повесі, өлеңдері мен М.Горькийден аудармасы және Аймауытовтың өмірі мен шығармаларын зерттеген мақалалар. | "Жасөспірімдер кітапханасы" сериясы | 352 бет. к/м | 02.06.2020 | Жүсіпбек Аймауытов "Қартқожа" романы, "Күнікейдің жазығы" повесі, өлеңдері мен М.Горькийден аудармасы және Аймауытовтың өмірі мен шығармаларын зерттеген мақалалар.<br>Адамның рухани жаңаруы, тазаруы – Жүсіпбек Аймауытовтың шы-ғармаларына тән тақырып.<br>«Қартқожа» романындағы Қартқожаны жазушы бірден озық идея--лы қаһарман етіп жібермей, қоғамдағы теңсіздікті, жоқшылық-ты, әділетсіздікті көріп өскен, өмір талқысына түскен оны сабақ ала отырғызып, біртіндеп көзін ашады. Ел үшін күйген, оқуға, білімге деген құштарлық Қартқожаны біртіндеп саналы күреске бет бұрғы-за-ды. Автордың халықтық ойлары Қартқожа бейнесі арқылы өрбіп, дамиды.<br>Қазақ қызының өз теңдігін қорғаудағы үлкен жеңісін «Күні-кей-дің жазығы» повесі шынайы, тартымды етіп баяндайды. Ха-лық--тың сол кездегі салт-дәстүрлері, жастардың ойын-сауық ұйым-дас-ты-руы, көш, қыз ұзату сияқты тұрмыс-тіршілігі оқырманды кейде күлдіреді, кейде ойға қалдырады...<br>Кітап жалпы орта білім беретін мектеп, гимназия, лицейлердің оқушыларына, жоғары оқу орындарына түсетін талапкерлерге, студенттерге, жалпы көпшілік оқырманға арналады. |  |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 41 | Жұбан Молдағалиев Мен – қазақпын, Жыр туралы жыр, Кісен ашқан, Туған жер, Сел поэмалары мен Өлеңдері және Жазушының өмірбаяны мен шығармалары туралы зерттеулер. | "Жасөспірімдер кітапханасы" сериясы | 320 бет. қ/м | 12.01.2015 | «Жасөспірімдер кітапханасы» қорын КСРО және Қазақстан Рес-публикасы Мемлекеттік сыйлығының иегері, Қазақстанның Халық жазушысы, ақын Жұбан Молдағалиевтың асқақ, отты жырлары мен «Мен – қазақпын», «Туған жер», «Кісен ашқан», «Жыр туралы жыр», «Сел» атты күрделі де терең ойлы поэмалары толықтыра түспек.<br>Жұбан Отан, Ана, туған жер тақырыбын толғана, тебірене жырлаған ақын. Оның жыр-поэмалары еліміздің аса бай тарихын, ұлттық дәстүрі мен биік өнер өресін, өнегелі өмірін, өсіп-өркендеуін өн-бойына өзек еткен.<br>Көрнекті ақынның бұл өлеңдер жинағы жыр сүйер талғампаз оқырман қауымға арналған. |  |
| 42 | Жұмекен Нәжімеденов "Ақ шағыл" роман және Жазушының өмірбаяны мен шығармалары туралы зерттеулер. | "Жасөспірімдер кітапханасы" сериясы | 432 бет. қ/м | 19.10.2016 | Жазушы Жұмекен Нәжімеденовтің «Ақ шағыл» рома-нына Ұлы Отан соғысы кезіндегі ауыл өмірі арқау болған. Ел ішінің тыныс тірлігі, адамдардың жеңіс жолындағы жан-қиярлық еңбегі романда шынайы көрінеді. |  |
| 43 | Жұмекен Нәжімеденов "Даңқ пен дақпырт" роман және Жазушының өмірбаяны мен шығармалары туралы зерттеулер. | "Жасөспірімдер кітапханасы" сериясы | 384 бет. қ/м | 30.10.2016 | Ж. Нәжімеденовтің бұл романы өнер адамы жайлы сыр толғайды. Табиғатынан шынайы талант, жас композитор Идаят алғашқы әндерінен бастап-ақ ел аузына ілікті. Жақсы өнерімен жан сусындатты. Атақ-даңқы аңызға айналды. Өмірге жаңа аяқ басып, өнер жолына енді түсе бастағанда бірден келген мына даңқтың буы, кім болса да бір кісіге ауыр соғар мына атақ-абыройдың буы, баланы шыр айналдырып, жан-жағына қарауға мұршасын келтірмей иіріміне тартып жүре берді. Жас композитор табиғатынан таза, қарапайым жан болғанымен ендігі сәтте әркімнің қоғамдағы орны, жауапкершілігі деген мәселеге мән беріп, байыбына бара бермейді. Жұртқа өнерімен қымбат жан сол көпке азаматтық пайым, парасатымен де үлгі-өнеге болуы керегіне ой жүгіртпейді. Көбіне жастай келген даңқтың жеңіл қуанышын күйттеп кетеді. Осы бір босаңдықтың өнеріне салқыны тиеді. Тұрмыстан да опық жейді. Автор өнердің үлкен төріне даңқ, мансап, қолпаш, қошемет емес биік парасат, білікті еңбек қана жеткізе ала--ды деген ой түйеді. |  |
| 44 | Жұмекен Нәжімеденов "Кішкентай" роман, 16 әңгіме және Жазушының өмірбаяны мен шығармалары туралы зерттеулер. | "Жасөспірімдер кітапханасы" сериясы | 448 бет. қ/м | 24.10.2016 | Жұмекен Нәжімеденовтің «Кішкентай» атты романы бұдан бұрын жарық көрген «Ақ шағыл» романының заңды жалғасы. Кітапта соғыстан кейінгі жылдардың ауыртпа-лы-ғы, ауыл адамдарының қажымас қайраты, ел тірлігі жан-жақты көрінеді. |  |
| 45 | Жүсіп Баласағұн "Құтты білік" (Түрк тілінен тәржімелеген тіл білімдерінің ғалымы Асқар Егеубай) Ең толық, сауатты тәржімеленген нұсқасы. | Көркем әдебиет, көсемсөздер | 640 бет. қ/м | 16.11.2006 | "Құтты білік" ("Құтадғу біліг") – әлем өркениатынан мәңгілік орын алған ақылман дастан XI ғасырда қазақ жерінде жазылған, түрк тектес халықтардың тұңғыш классикалық шығармасы. Заманында ирандықтар – "Туран шахнамасы", Шын жұрты – "Хандардың әдеп-қағидалары", машындықтар – "Мемлекеттің дәстүрі", күллі шығыс "Өмір зейнеті". "Падишаларға насихат" деп таныған, ал осы кітапты дүниежүзі санасының асыл қазынасына қосқан түрік жұртының өзі "Құтты білік" деп атап, әзіз кітап – ұлылықтың негізі деп білген. Бұл этико-философиялық, парасат пен ақыл-ой сұлулығын крпақтан ұрпаққа мұраға қалдырған еңбекте жар таңдау, бала тәрбиесі, ақыл-білім біліп, тіл ұстар тудан бастап елдік құру, мемлекет түзу, ел басқаруға дейінгі өмірлік, әлеуметтік мәні аса зор мәселелер жырланған. "Құтты білік" қазақ тіліне тұңғыш рет аударылып, 1986 жылы жеке том болып жарияланған еді. 1989 жылы Пекиннің "Ұлттар" баспасы осы қазақша аудармасын араб әрпімен екінші қайтара шығарды...<br>Кітап дастанның зерттеліп-зерделеніп өңделген, түпнұсқасымен тағы бір салыстырып дайындалған үшінші басылымы. Бұл кітап осыдан он ғасыр бұрынғы елдік, халықтық қасиетімізді толық танытатын еңбек. |  |
| 46 | Зейнолла Қабдолов "Сөз өнері" (оқулық) | оқу құралдары мен әдебиеттер | 496 бет. қ/м | 24.01.2014 | «Сөз өнерінде» әдебиет теориясының, көркем-шығарма пси-хологиясының және жазушы шеберлігінің өзекті мәселелері өзара сабақтастырыла тарихи тұрғыдан жан-жақты байыпталып, бай әрі бағалы деректер негізінде нұсқалы, нәзік һәм терең талданады. Кітап тіл ғылымын зерттеуші маман-ғалымдарға, докторанттар мен магистранттарға, жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған |  |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 47 | Зейнолла Шүкіров "Ғажайып құмыра" (балаларға арналған әңгімелер) | БАЛАЛАР ӘЛЕМІ | 136 бет. ж/м | 16.10.2023 | Балаларға арналған әңгімелер жинағы «Атан жарыстың ақыры», «Ғажайып құмыра», «Құтқару», «Шалбардың шатағы», «Қызыл бәтеңке», «Домбыра», «Шылымқор», «Мылтық», «Сұр кожек», «Әмина мен саз күшік», «Аспаннан бақа жауа ма екен?», «Балапан үйір іздейді», «Жұмыртқа», «Саяхат», «Ақсазан», «Қарғалар мен шағала», «Еркетай», «Арлан туралы аңыз», «Өнербек» |  |
| 48 | Зияда Ижанов "Аламесек" | Мұрағат құжаттары негізінде құрастырылған тарихи кітаптар | 280 бет, к/м | 16.11.2016 | «Аламесек» кітабына Сырдария облысының Перовск уезіне (Қызылорда облысы) және Аламесек болысына (ауданына) байланысты орыс тілінде мұрағат құжаттары (1853-1932 жылдар), «Ақ жол», «Еңбекші қазақ», «Бірлік туы» және «Сыр бойы» газеттерінен мақалалар енген.<br>Кітап тарихшылар, аспиранттар, студенттер мен жалпы оқырман қауымға арналған.<br>В книге «Аламесек» представлены архивные документы по истории Перовского уезда Сырдарьинской области (Кзылординская область) и Аламесекской волости (района) с 1853 по1932 годы, статьи из газет «Ақ жол», «Еңбекші қазақ», «Бірлік туы» и «Сыр бойы».<br>Книга рассчитана на историков, аспирантов, студентов, а также на широкий круг читателей. |  |
